

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТЕРЛІГІ
СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ

**«Оқушылардың жас және дербес
ерекшеліктеріне психологиялық-
педагогикалық сипаттама »**

*Педагогика кафедрасының
доцент м.а., п.ғ.к. Тұрғанбаева Б.Ш*

Семей 2015 ж

Мақсаты:

- ❖ мектеп оқушыларының жас ерекшелігіне қарай және жеке басына тән ерекшеліктер туралы түсінік қалыптастыру.

Міндеттері:

- ❖ мектеп оқушыларының жас ерекшелігінің кезеңдеріне сипаттама беру,;
- ❖ мектеп оқушысының жеке тұлғасының өзіндік ерекшеліктерін ашу

«Егер педагогика адамды барлық
жағынан тәрбиелегісі келсе,
онда оның адамды барлық жағынан
тануы да керек»

К.Д.УШИНСКИЙ



Оқушылардың жас ерекшелігі


Белгілі бір шақтық кезеңге тән анатомиялық-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерді әдетте жас ерекшеліктері деп атайды. Сондықтан педагогика және психология балалардың жас ерекшеліктеріндегі ширақтықты, өзгерімпаздықты айқындайды, тәрбиеленушінің және қоршаған ортамен жасайтын қарым-қатынастар жүйесіне тәуелді болатынын атап көрсетеді.

Қазіргі заманғы ғылымда адамның жас ерекшелігіне қарай оның даму кезеңдерін төмендегідей бөледі:

Туғаннан
1 жасқа
дейінгі
бөбектік кезең

1 мен 3 жас
арасындағы
**сәбилік
кезең;**

3 пен 7 жас
арасындағы
**мектеп жасына
дейінгі кезең.**



Оқушылардың дамуының жас кезеңдері

№	Кезеңдер	Жас	Сыныптар
1.	Бастауыш оқушылар	6- 10	1-4
2.	Орта (жеткіншек)	11-14-15	5-9
3.	Жоғары	15-18	10-12

Жас кезеңдерінің бұдан кейінгілері

Кемелдену
22-60 жас
аралығы

Егделік
61-74 жас
аралығы
(II кезең)

Кәрілік
75-90 жас
аралығы
(III кезең)

Оқушыны дамытатын қарама-қайшылықтар

- ➔ Сана мен тәртіп, сана мен сезімдер арасындағы
- ➔ Парыз бен мінез-құлық арасында
- ➔ Қызығулар мен мүмкіндіктер арасындағы
- ➔ Үлкендерге ұмтылу мен жаңа қажеттіліктер арасындағы
- ➔ Жаңа мәдени жағдаятқа сай жаңа мінез – талапкер құқық нормалары арасындағы
- ➔ Бұрынғы мүмкіндіктер мен жаңа қажеттіліктер арасындағы
- ➔ Танымның жаңа міндеттері мен ойлаудың бұрынғы тәсілдері арасындағы

Бастауыш мектеп жасындағы
бала үшін ең маңыздысы –

МУҒАЛІМ



Бастауыш сынып жасында



Бастауыш сынып жасындағы баланың салмағы бір жылда 2-2,7 кг өседі. 6 жастан 12 жасқа дейінгі аралықта бала денесінің салмағы екі есе артып, 18 килограмнан 36 килограмға дейін артады.

Осы жаста бала миының көлемі де ұлғаяды, яғни, ол 5 жаста үлкен адам миының 90 пайызындай болса, 10 жаста 95 пайызына тең болады.

Бастауыш мектеп оқушыларының психика – педагогикалық ерекшеліктері:

Жүйке жүйесі жетіле түседі

Психикасы жедел дамуға келеді.

Тежелу кемде де, қозуы күшті.

Зейіні ырықсыз, тұрақтылығы
кем, шектелген.

Танымдық іс-әрекеті тікелей
оқумен байланысты.

Қабылдау тұрақсыз, ұйымдаспаған,
көрнекі қызығушылық басым.

Бала еңбегін ойын үдерісімен байланыстыра ұйымдастырған ұтымды.



Бала мектеп табалдырығын аттағаннан кейін, оның әлеуметтік жағдайы өзгереді, **бірақ** ішкі әлемі, психологиясы әлі мектепке дейінгі қалыпта болады.



Баланың ең негізгі іс-әрекеті әлі де **ойын, сурет салу, ойыншықтарды құрастыру** болып қала береді. Оқу іс-әрекеті әлі де дамуды қажет ететін деңгейде болады. Оқу іс-әрекетіндегі, тәртіп сақтаудағы қажетті іс-әрекетке еріктілік беру алғашқы кездерде ғана мүмкін болады, бұл кезде балаға жақын арада істелінуі тиіс мақсаттар және оның күш алуын қажет ететін тапсырмалардың мөлшерінің аздығы түсінікті болады. Оқу іс-әрекетіне ерікті түрде назар аударту, ол балаға жеңіл тиеді.

«Педагогикалық қарым-қатынаста балаға қарап **жымию** баламен диалогтың **ең қажетті құралы** болып табылады. Сөйлесетін адамның неғұрлым кішкентай болса, ол өзінің іс-әрекетіне үлкендердің соғұрлым үнсізде жылы жымиысына баға беруін қажетсінеді. Тек қана оқу процесінде емес, жай қарым-қатынастарда да бастауыш сынып жасындағы балалар мен жасөспірімдерді **жылы жымиыспен ынталандырудың** маңызы зор. Сондықтан да педагогтың **вербальды** емес қарым-қатынаста өз бет әлпетінің жылылығымен әсер етуге сараңдығы бала мен педагог арасындағы, онсыз да үлкен жасайырмашылығын одан сайын қашықтатпайық».



Жеткіншек шақ



Педагогикалық тәжірибеде баланың жан-жақты дамуы мен мінез-құлқы жағынан қалыптасуының жеткіншек шағы /10-15 жас/ ең қиын кез болып есептеледі.

Жеткіншек жас кезеңнің педагогикалық ерекшеліктері.

- Балалардың тәртібі нашарлайды.
- Сабакқа үлгірімі төмендейді.
- Қыздар мен ұлдар арасындағы қарым-қатынаста қалыпты болмайды.
- Кейбір балаларда тіпті қоғамды жатсыну әдеті пайда болады.





Отбасы -
қоғамдық қатынастар мен
процестердің алуан түрлі
формалары біртұтас болып
ұштасатын кешенді әлеуметтік
құбылыс болып табылады.

Балаға ата-аналар беретін
саналы және мақсатты
тәрбиемен қатар, отбасының
жағдайы да ықпал етеді және
бұл ықпал өскен сайын, ол тіпті
баланың тұлғалық
қалыптасуында көрініс табады.



Жеткіншектермен жұмыстағы негізгі педагогикалық идея:

Жеткіншектер тәрбиесі, бірінші кезекте, олардың физиологиялық дамуына байланысты белгілі бір қиындықтар туғызады, бұл олардың танымдық процесіне және тәрбиесіне ықпал етеді.

1 жағдаят: «5 сынып оқушысы Ахметов Арнұрға қатысты педагогикалық консилиум өтіп жатыр. Баланың бастауышта көрсеткен бағалары қазіргі күндегі бағасына сай келмейді. **Бастауыш сынып мұғалімі баланың бағасын жоғарылатып қойған.** Сынып жетекшісі мен педагог-психолог өз тарапынан

4 сыныпта диагностика өткізген кезде бала «төмен» деңгей көрсеткен болатын. Енді ол 5 сыныпқа келген кезде бейімделе алмай жатыр. Орта буын ұстаздары ашулы және қобалжулы. Мәселе. **Шешу жолдары?»**

1

2 жағдаят: «5 сынып оқушысы Ахметов Арнұрға қатысты педагогикалық консилиум өтіп жатыр. Баланың бастауышта көрсеткен бағалары қазіргі күндегі бағасына сай келмейді. **Бастауыш сынып мұғалімі баланың бағасын жоғарылатып қойған.** Сынып жетекшісі мен педагог-психолог өз тарапынан 4 сыныпта диагностика өткізген кезде бала «төмен» деңгей көрсеткен болатын. Енді ол 5 сыныпқа келген кезде бейімделе алмай жатыр. Орта буын ұстаздары ашулы және қобалжулы. Мәселе. **Шешу жолдары?»**»

Жасөспірім шак



- Жасөспірімдік шак - бала мен ересектік шақтың аралығы, баланың ересектерге тәуелділігімен сипатталады, ересектер баланың өмірлік іс-әрекетін мазмұны мен бағытын белгілейді.

Жасөспірімдік шақ - жеке адамның толысуы мен қалыптасуының аяқталатын кезеңі. Жыныстық толысуға байланысты өз ағзасы мен сырт келбетіндегі үлкен өзгерістер, өмірлік іс-әрекеттің күрделенуі байқалады. Сондықтан жасөспірімдік шақ ымырасыз келеді. Жасөспірімге өзін көрсетуге ұмтылу, өзін жан-жақты ашуға құштарлық тән.

Олар өз мамандығын таңдап алуға тырысады.

Мамандыққа ықыласының бірте-бірте қалыптасуы түрлі іс-әрекеттеріне жауапкершілігін арттырады. Оларға іс-әрекетті өз бетінше орындауға мүмкіндік беріп, дұрыс бақылау мен педагогикалық басшылық жасау керек. Бұл кезеңде сезім, достың қарым-қатынастар дамиды.

Жасөспірімдік шақтың аса маңызды міндеттері.



- Мамандық таңдау,
- Еңбек пен қоғамдық-саяси қызметке даярлану,
- Некелесуге, өз отбасын құруға әзірлену.

Өзара байланысты бұл міндеттердің жүзеге асырылуы белгілі бір уақытты талап етеді. Адамның жалпы ақыл-ой қабілеті 15-16 жасқа қарай қалыптасып болады. Сондықтан оның бала кездегідей шапшаң өсуі байқалмайды, алайда ол одан әрі жетіле береді.

Нақыл сөздер

1.Адамды тәрбиелеу-демек оның ертенгі қуанышқа ие болатын келешек жолына тәрбиелеу.(А.С.Макаренко)

2.Бүкіл азаматтың келешегі-жас жеткіншектердің қандай идеал негізінде тәрбиеленуіне,қалай өсуіне, кемелденуіне байланысты. (Ғ.Мүсіров)

- **Жапонияның балалары.** Жапонияның көптеген мектептерінде асхана жоқ. Балалар түскі астарын үйден арнайы ыдысқа салып әкеледі. Ал, мұғалімдер болса, балалардың үйден әкелген тамақтары денсаулыққа зиян емес пе, соны мұқият қадағалайды. Сол себепті, жапон аналары арнайы сабақтарға қатысады. Ол жерде баланың ағзасына қажетті дәрумендер тамақпен сіңу үшін, қандай ас әзірлеу керек және қалай даярлау керектігін түсіндіріп, үйретеді.



- **Үндістан балалары.** Үнділер балаларын қатаң ұстайды. Оларда ата-ана мен бала арасындағы достық қарым-қатынасты өте сирек кездестіресіз. Балалар кішкентай кезінен бастап ата-анасының таңдауына, қалауына мойынсұнып өседі. Сондықтан, ер жеткенде немесе бойжеткенде әкешесі кімді қалайды, сол адаммен бас қосады.



- **Германияның балалары.** Германия мектептерінде міндетті түрде экскурсиялық сабақтар ұйымдастырылады. Бұл - ежелден қалыптасқан жүйе. Мысалы, мұғалім бүгін шоколад туралы, оның құрамы жөнінде сабақ өтті ме, онда ертең балалар шоколад музейіне немесе фабрикаға саяхат жасайды. Олар фабрикада өнімнің қалай жасалып жатқанын өз көздерімен көріп, біледі.



- **Қытайдың балалары.** Дао уағызшыларының бала туралы өсиеті әрбір қытай бүлдіршініне аңыз болып айтылады. «Балаға тәтті жеуді ұсынғанда, ол барлығын алудан ақылдылықпен бас тартады. Неге деген сұраққа: «Мен әлі кішкентаймын, сондықтан маған аз ғана бөлігі жетеді», деп түсіндіреді. Баланың осы қылығын барлық қытай перзентіне үлгі етеді, баламыз қанағатшыл, мейірімді, адамгершілігі жоғары болып өссін, дегені.



- **АҚШ балалары.** Жергілікті педагогика «әрбір бала өз бетінше өмір сүріп үйрене алу керек» деген ұстанымды қолданады. Сондықтан, американдық ата-аналар балаларының қалауына қарсы шыға алмайды. Олар мейрамханаға, коктейльге, тіпті түнгі клубқа барамын, десе де, ата-аналар ертіп апарарды.





СӨЖ ТАПСЫРМАСЫ:

- Оқушының "Дамуы", "Тәрбиесі" және "Жеке тұлғалық қалыптасуы" деген түсінікті ашыңдар.
- Мектеп оқушыларының жас мөлшеріне байланысты кезеңдерге сипаттама беріңдер.



Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.« Балалар психологиясы » Ж.Қ.Дүйсенова, Қ.Н.Нығметов. Алматы 2012 ж
- 2.Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. М., 1968.
3. «Педагогика» Дуйсембекова Ш.Д. Оқулық , 2015 ж.
- 4.Измайлов А.З. Народная педагогика: педагогические воззрения народов Азии и Казахстана. М., 1991.
- 5.Керимов Л.К. Педагогические основы индивидуализации перевоспитания трудных подростков. Алматы. 1994.
- 6.Кон И.С. Психология подростка. М., 1981.
- 7.Кон И.С. Психология ранней юности. М., 1989.

